

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента

«__» _____ 20 __ года

03.05.2023 ж. жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрдің
бірінші орынбасары
Р.В. Склярға

Депутаттық сауал

Құрметті Роман Васильевич!

Бүгінгі менің депутаттық сауалыма негіз болған дүние – бұл жол инфрақұрылымы. Әсіресе шалғай аймақтардағы жолдардың сапасы сын көтермейді.

Мәселен, Алматы облысының оңтүстік-шығысында шекералық аймақта орналасқан Райымбек ауданы 1997 жылы аудандық мәртебесінен айырылғаннан кейін, жағдайы төмендеген халық, күнкөріс қамымен Алматы маңына үдере көшті. Ортасы омырылған мәдениет ошақтары мен иесіз қалған үйлерде сан болмады.

2018 жылы аудан мәртебесі қайтарылды, тіршілік жанданып, ауданның тамырына қан жүгіре бастады.

Алайда шешілмей жатқан мәселер аз емес, соның ішінде ең басты мәселе – жол.

Жолдың сапасы түзелсе табиғаты бай ауданға туристер ағылады, аудан экономикасы көтеріліп, халықтың әл-ауқаты түзеледі. Қала және аудан аралық қарым-қатынастар жақсарады. Жедел-жәрдем көліктері дер кезінде медициналық көмек жасайды.

Аудан шекаралық аймақ болғандықтан республикалық және аймақтық маңызы бар жолдың бүгінгі хәлі мүшкіл. Бұл жақтағы жолдар сонау кеңес заманында 1984 жылы салынған. Содан бері осы уақытқа дейін күрделі жөндеуден немесе қайта жасаудан өтпеген.

«Тәуелсіздігімізді алғалы көлік салығын төлеп келеміз, бірақ жол жасалмайды» деген жүргізуші азаматтардың да реніштерін жасырмаймыз

Ең қиыны... салақ үйдің құрақ көрпесіндей қырық жамау, тар жолдың кесірінен жеңіл автокөліктердің жол апаттары жиі болатынын айтқым келеді. Бірлі, екілі қаза тапқан азаматтарды айтпағанда кейде жанұясымен, кейде бір әулеттен бірнеше адам жол апатынан қаза тауып жатады.

Оған дәлел ретінде арыға бармай-ақ қояйын, жақында ғана жол көлік апатынан қайтыс болған, бір үйдің төрт бірдей азаматы ағайынды-бауырлар Айнабековтардың қайғылы қазасын атауға болады.

Мемлекетіміз үшін ең маңызды нәрсе – азаматтарымыздың амандығы.

Сондықтан, төмендегі аталған жол құрылысына қаржы бөлініп, қайта жасауды немесе күрделі жөндеуден өткізулеріңізді сұраймын:

- Кеген мен Нарынқол екі ауданды қосатын 0-89 км аралығы күрделі жөндеу жұмыстары қажет етеді;

- Жалағаш бұрылысынан - Ақсайға дейін – 15 км жол күрделі жөндеу жұмыстарын қажет етеді;

- Ақсайдан-Кеген асуына дейін – 12 км жол басталған күрделі жөндеу жұмыстары толық аяқталмаған;

- «Көкпек-Кеген-Түп» 88-99 км аралығына шекараға дейін – 14 км жол басталған күрделі жөндеу жұмыстары толық аяқталмаған.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің депутаттары**

**А. Назаров
Ж. Әшімжанов**